

8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ азыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми көнешшінің

ШІКІРІ

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі. Закирова Асель Сейдуллаевнаның диссертациялық жұмысының тақырыбы өзекті, зерттеу нысаны ретінде алынған азыз-әңгімелер, біріншіден, этнопедагогиканың негізгі құралы болып табылады. Соңдықтан оларды әдеби немесе тілдік жағынан оқытуда этнопедагогиканың, этномәдениеттің немесе басқа да ұлттық құндылықтардың қатысынсыз үйрету мүмкін емес. Сонымен қатар азыз-әңгімелер әртүрлі халықтардың мәдениетінде қалыптасқан тәрбие қағидалары, оның моральдық, діни және мифологиялық көзқарастары білімнің негізгі көзіне жатады.

Екіншіден, тіл мен ойлау, тіл мен таным және тіл мен мәдениет бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, таза тілдік және құрылым шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма – когнитивтік лингвистика және лингвомәдениеттану салаларының тұтасуы. Тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, сайып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырады. Тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі филологияда жаңа бағыттардың айқындалып, қалыптасып, дамып келе жатқаны байқалады. Оның көріністерін жаңа қорғалып жатқан еңбектерден көріп жүрміз. Осыған сәйкес сөз қасиетінің дәрежесін, сапасын, ұлттық кодтың тілдегі көрінісін жан-жақты ашып беретін азыз-әңгімелер мәтіндерін талдаудың, оны білім алушыларға когнитивті және лингвомәдени тұрғыда сінірудің маңызы зор.

Азыз-әңгімелердің тілдік табиғатын қазақ халқының таным-түсінігімен және қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік бағытқа сай таныту – А.С.Закированың диссертациялық жұмысының өзектілігін айқындейды. Азыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттелуі – бүгінгі тілтану саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Осы уақытқа дейін азыз-әңгімелердің тілін оқытуға мәтінтану тұрғысынан ғылыми зерттеулер жүргізілген жок. Мұның өзі тақырыптың өзектілігін дәлелдейді.

2. Алынған нәтижелер негізділігі мен дәйектілігінің, олардың жаңалығының дәрежесі.

Докторант зерттеу жұмысының міндеттерін жүзеге асыру үдерісі барысында ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Олар:

- зерттеу барысында жұмысымызға негіз болатын ғылыми-әдіснамалық қағидалары айқындалды; осыған дейін шыққан еңбектер мен жүргізілген зерттеулер мақсатына қарай жүйеленді, мағыналық талдау жасалынды және ғылыми тұрғыда негізделді;

- жалпы филологиялық зерттеулердің мақсаты сараланып, азыз-әңгімелердің тілін зерттеудің мақсат-міндетімен салыстырылды; ондағы

лингвомәдени бірліктер айқындалып, ұлттық сипаты мен мәдени ақпараттардың мазмұнындағы танымдық, тәрбиелік, әлеуметтік қызметі жаңғыртылды;

- аңыз-әңгімелер мәтіндерінде кездесетін лингвомәдени бірліктерді оқытудың тиімді әдістері ашылып көрсетілді және оқытудың когнитивтік моделі жасалынды;

- аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспекті түрғысынан оқытудағы инновациялық тәсілдердің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы дәлелденді.

3. Алынған жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.

Қазіргі кезеңде бәсекеге қабілетті, құзыретті, жауапты, өз кәсібін еркін менгерген және қызметтің сабактас салаларында ориентацияланған, әлемдік стандарт деңгейінде тиімді жұмыс істеуге қабілетті, тұрақты кәсіби маман қажет.

Осы бағытқа сәйкес докторант А.С.Закирова өзінің диссертациялық жұмысында білім жүйесінің трансформациясы әрқашан жалпы мәдениеттің даму контекстінде жүретінін дәлелдеп, білімді құндылық ретінде қарастырады және кәсіби құзыреттіліктің қалыптастыру процесіне мән беріп отыр. Докторант жұмысында нысанға алынған қазақ аңыз-әңгімелердің мәтіндері және оларда кездесетін лингвомәдени бірліктерін жинақтап, осыған дейін шыққан еңбектер мен жүргізілген зерттеулерді мақсатына қарай концептуалды және лингвомәдени талдау жасап ғылыми негіздемесін айқындағы. Осыған орай аңыз-әңгімелердегі лингвомәдени бірліктерді айқындаپ, ондағы ұлттық сипатты және мәдени ақпараттардың мазмұнындағы танымдық, әлеуметтік қызметтің жаңғырту жолдарын ашып көрсетті; кейіпкер бейнесін ашуда, оның психологиялық-эмоционалдылығын даралауда өзіндік сөз қолданыстарындағы лингвомәдени бірліктерді талдау жұмыстарын жасады; аңыз-әңгімелер тілін лингвомәдени және когнитивті аспектіде оқытудағы инновациялық тәсілдерді ұсынып, тәжірибелік-эксперимент жұмысы арқылы тиімділігін дәлелдеді.

А.С.Закированың диссертациялық жұмысында зерттеліп отырған мәселе, біріншіден, қазақ аңыз-әңгімелерінің тілдік табиғатына қатысты филология ғылымындағы кейбір теориялық мәселелеріне, екіншіден, білім беру концепцияларына негізделген. Қазіргі заманға сай педагогикалық технологиялар мен әдістемелік тәсілдер және автордың жетекші идеясы түрғысынан зерттелген.

Осыған орай, докторант А.С.Закированың диссертациялық жұмысының ғылыми-теориялық негіздемесі, мазмұндық ұлгісі және нәтижелері жоғары оқу орындарында болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің кәсіби даярлау жүйесінің мақсат-міндеттерінің орындалуы үшін қолдануға болады. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған авторлық оқыту бағдарламасын ЖОО-да практикалық түрғыда қолдануға болады.

А.С.Закированың диссертациялық жұмысы тәжірибелік, қолданбалы бағытқа ие. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Орындарында «Халық ауыз әдебиеті», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану», «Когнитивтік лингвистика»,

«Фольклортану мәселелері» атты арнаулы элективті курстарды оқытудың сапасын арттыруға, сабактарды нәтижелі үйымдастыруға септігін тигізеді. Сондай-ақ зерттеу материалдары мен бірқатар тұжырымдарын семинарлар жүргізуде, лингвомәдениеттанымдық сөздіктер кұрастыруда, жас ізденушілердің докторлық, магистрлік, дипломдық жұмыстарды жазу барысында пайдалануға болады.

4. Диссертацияның мазмұны мен жазылу жағынан кездескен кемшіліктер.

Диссертациялық жұмыс белгіленген талаптарға сай әзірленген, рәсімделуінде қателіктер жоқ, мазмұны толық.

5. Диссертацияның жеке жазылған ғылыми квалификациялық жұмысқа қойылатын талаптарға сәйкес келуі.

Диссидент А.С.Закированың «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысы толық аяқталған және білім беру бағдарламасының паспортына сәйкес келеді.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті жарық көруіне растама.

Диссертациялық жұмысты орындау кезінде алынған нәтижелер мен қорытындылар нөлдік емес көрсеткіші бар Scopus базасына енген журналдарда – 1 мақала, КР БFM Білім және ғылым саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған тізіміндегі журналдарда – 3 мақала, шетелде өткен халықаралық конференция материалында – 5, 1 мақала – Қазақстан Республикасында өткен халықаралық ғылыми конференция материалында және зерттеу тақырыбына қатысты 1 әдістемелік құрал (авторлық бағдарлама) жарық көрді.

7. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

8D01721 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының PhD докторантты А.С.Закированың «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы КР БFM Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарын толық қанағаттандырады.

Закирова Асель Сейдуллаевнаның «Қазақ аңыз-әңгімелер тілін оқытудың лингвомәдени және когнитивті аспектілері» тақырыбындағы зерттеу жұмысын диссертациялық кеңесте ашық қорғауға лайықты деп пікір білдіремін.

**Ғылыми кеңесші,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы**

